

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2014 жылғы 5 наурыздағы № 412 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 сәуірде № 4573 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2014 жылғы 17 шілдедегі № 1322 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 17.07.2014 № 1322 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Рудный қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылатын жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары Е. В. Скардинаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

Б. Ғаязов

Рудный қаласы әкімдігінің
2014 жылғы 5 наурызғы
№ 412 қаулысымен
бекітілген

Рудный қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру

тапсырысы, республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылатын жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасқан жері	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің саны	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		
		Орта білім беру ұйымдары базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын орталықтар	Мектепке дейінгі ұйымдар (балабақша, бөбекжай, " мектеп-балабақша" кешені)	Орта білім беру ұйымдары базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын орталықтар	Мектепке дейінгі ұйымдар (балабақша, бөбекжай, " мектеп-балабақша" кешені)
1.	Рудный қаласы	100	414	8360	19730

кестенің жалғасы:

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында айына жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)			
Орта білім беру ұйымдары базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын орталықтар	Мектепке дейінгі ұйымдар (балабақша, бөбекжай, " мектеп-балабақша" кешені)	Орта білім беру ұйымдары базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын орталықтар		Мектепке дейінгі ұйымдар (балабақша, бөбекжай, " мектеп-балабақша" кешені)	
		Толық күн болатын	Жарты күн болатын	Бөбекжай топтары	Мектепке дейінгі топтар
8360	19730	7000	-	8000	8500